

Бекітемін   
Балабақша меңгерушісі:  
Баймолдина К.К.

Вариативтік компонент  
«Шебер қолдар» оқу іс-әретінің  
перспективтік жоспары.  
«Қарлығаш» тобы 2022-2023 оқу жылы

## Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады. Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

- Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншсктің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

**«Өнерлі екен он саусақ»** үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

**Мақсаты:** Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

- Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.
- Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.
- Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

- Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

- Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.
- Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.
- Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Журнал «Коллекция идей» №1 2006 жыл
2. Құрастыру және қол еңбегі. Алматыкітап 2007 жыл.
- 3 Бейнелеу өнері. Дидактикалық құрал. Алматыкітап 2009 жыл.
5. Мүсіндеу. Жұмыс дәптер. Арман-ПВ 2011жыл.
6. Журнал «Балақан» №5 2011 жыл.
7. Журнал «Айгөлек» №9 2012 жыл.

**Вариативтік компонент**  
**«Шебер қолдар» оқу іс – әрекетінің перспективтік жоспары.**  
**«Карлығаш» тобы 2022 – 2023 оқу жылы.**  
**Аптасына 0,5 сағат, барлығы 18 сағат**

| <b>р/с</b> | <b>Тақырыбы</b>       | <b>Бағдарламалық мазмұны</b>                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>Сағат саны</b> |
|------------|-----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| 1          | «Тар және кең жолдар» | Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге, олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алуға және құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.                            | 1                 |
| 2          | «Жеңіл машина».       | Көлік түрімен таныстыру. Дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету.                                                                                                                                                                                                           | 1                 |
| 3          | «Мұнара»              | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, мұнараны құрастыра білуге үйрету. Сенсорлық дамуына әсер ету, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.                                                    | 1                 |
| 4          | «Доптар»              | Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңестікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. | 1                 |
| 5          | «Үй және қақпа».      | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету.                               | 1                 |
| 6          | «Тостаған».           | Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңестікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету.                                   | 1                 |

|    |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                           |   |
|----|----------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
| 7  | «Төсек»              | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға ,олардын түсін ,пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып төсекті құрастыра білуге үйрету.                                  | 1 |
| 8  | «Шырша ойыншықтары»  | Балаларда қағазбен жұмыс жасауда умаждау әдісін жетілдіру.Қағазды умаждау арқылы домалақ пішінге келтіруді бекіту, шыршаның суретіне түрлі түсті ұсақ қағаздан ойыншықтар жасау, оны шыршаға ілуде ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.                                   | 1 |
| 9  | «Үстел және орындық» | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру.Жиһаздар туралы түсінік беру,құрылыс материалдарынан үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету. Құрастыруға қызығушылықтарын дамыту.Бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу.                         | 1 |
| 10 | «Қар бүршіктері»     | Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасауға болатынын түсіндіру, табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру, қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге тәрбиелеу.                                          | 1 |
| 11 | «Пойыз»              | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету,олардын түсін,пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс кеңестікте дұрыс орналастыра отырып пойыз құрастыра білуге текшені, кірпішті бірбірінен ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 12 | «Бауырсақ»           | Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру, қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.                                                                                                      | 1 |

|    |              |                                                                                                                                                                                                                                                                             |   |
|----|--------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    |              |                                                                                                                                                                                                                                                                             |   |
| 13 | «Көпір»      | Балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету. | 1 |
| 14 | «Балапандар» | Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау балапанды жасауға болатынын түсіндіру, балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.                                                                                                                         | 1 |
| 15 | «Төбешік »   | Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып төбешік құрастыра білуге үйрету.                             | 1 |
| 16 | «Жасыл шөп»  | Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту, жолақ қағаздарды түзу қиюға дағдыландыру, шөпті жұлуға болмайтынын түсіндіру.                                                                                                                   | 1 |
| 17 | «Жиһаз»      | Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып жиһаздарды құрастыра білуге үйрету;                | 1 |
| 18 | «Бақбақ»     | Балаларды қағазбен жұмыс жасауға                                                                                                                                                                                                                                            | 1 |

|  |  |                                                                                                                                                                |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  | үйрету, саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту.Бақбақ гүлін жасай білуге қызығушылығын арттыру, гүлдерді жұлмауға, күтіп баптауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу |  |
|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Тар және кең жолдар»

**Мақсаты:** Балаларды тар және кең ұғымдарымен таныстыру, құрылыс материалдарымен жұмыс жасай білуге, олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алуға және құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** құрылыс материалдары: кірпіштер, жіңішке және жалпақ жолақ қағаздар, үлкен және кіші екі түрлі құлыншақтың мүсіні

**Сөздік жұмыс:** тар, кең

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалар іс-әрекеті                                                                                              |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Тәрбиеші балаларды бірінің артынан бірі қатарға тұрғызып, «Пойыз» ойынын ойнатады. Балалардың белсенді қимыл-қозғалыс жасауына назар аударады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалар бірінің белінен бірі ұстап қатармен жүру арқылы екі рет шеңбер жасап айналып келіп, орындарына отырады. |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | Тәрбиеші балалардың назарын алдында жатқан құрылыс материалдарына аударады. Олардың түстерін, көлемін, пішінін сұрайды. Жіңішке және жалпақ жолақ қағаздарды көрсетіп, түстерін сұрап, бұл- «жол» болады дейді. Ол үшін міне, мына ойыншық құлыншақ ол жолмен қалай жүреді екен, сендер қарап көріңдер деп, өзінің алдындағы жіңішке жолақ қағаздың үстімен жүргізіп көрсетеді. Бір баланы шақырып, екінші жолақ қағазға құлыншақты жүргізіп көрсетуін |                                                                                                                 |

|                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | сұрайды.Енді бұл жолды құрылыс материалдарымен жасап көрейік деп,кірпіштерді бірінен кейін бірін тізіп қою арқылы тар жол жасап көрсетеді. Үлкен ойыншықты кең жолмен,кіші ойыншықты тар жолмен жүргізуге болатынын балалар өздері ойлануға бағыт береді.                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Рефлексиялы түзету кезеңі | <p>Енді екінші кең жол жасау үшін жалпақ кірпіштерді пайдаланамыз.Ол үшін бірнеше кірпіштерді бірінен кейін бірін тізіп қоямыз.(5кірпішті)</p> <p>«Тар және кең жолдар» ойыны.Балаларға өздері «тар» және «кең» жолдар құрастыру үшін құрылыс материалдары,құлыншақ ойыншықтарын тәрбиеші таратып береді.</p> <p>Тәрбиеші әр баланың құрастыру іс-әрекетіне көңіл бөліп, өздері қандай жол жасағанын айтып беруді өтінеді. Жақсы жасаған балалардың құрылыстарын мадақтайды.</p> | <p>Балалар құлыншақты жолдың үстімен жүргізіп көреді.</p> <p>Балалар өздерінің алдарындағы құрылыс материалдарынан «тар» және «кең» жол құрастырады.</p> <p>«кең» «тар» ұғымдарына сәйкес іс-әрекетті қайталап, өздерінің қандай жол жасағанын айтып береді.</p> |

#### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** құрылыс материалдарының түсін,көлемін,пішінін ажырата алуды

**Қандай түсініктерді игерді:** «кең» «тар» ұғымдарын және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** «Шығармашылық»

**Бөлімі:** «Аппликация»

**Тақырыбы:** «Жеңіл машина».

**Мақсаты:** Көлік түрімен таныстыру. Дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету.

**Қажетті құрал жабдықтар:** жеңіл машина және автобустың суреті, құрылыс материалдары: түрлі түсті кірпіштер, текшелер.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Жұмыс барысы                          | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық шығармашылық</b>      | Тәрбиеші екі түрлі машинаны: жеңіл машина мен автобустың суреттерің көрсетіп, балалардан қандай машина екенін сұрайды. Суреттерді тақтаға іліп, айырмашылығын айтуларын өтінеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалар жеңіл машина, автобус екенін айтады. «Жеңіл машина кіші, автобус үлкен», деп жауап береді. Автобуска көп адамдар отырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Ізденіс<br/>Ұйымдастырушылық</b>   | <p>Құрылыс материалдарын көрсетіп, түсін, көлемін сұрайды. Енді осыдан қандай машина құрастыруға болатынын көрсетеді. Ол үшін бір көк кірпішті және бір сары текшені аламыз. Көк кірпіштің үстіне сары текшені орналастырамыз, суретке мұқият қарап алыңдар, сонда машина дайын болады. Кірпішті және текшені дұрыс орналастыра білуге басым көңіл бөлінеді</p> <p>«Менің машинама» ойыны. Текшені көк кірпіштің үстіне ауыстырып қою арқылы «алға» қарай «артқа» қарай машинаның жүру бағытын өзгертуге тапсырма береді.</p> <p>«бағдаршам ойыны» тәрбиеші үш түсті дөңгелектерді: қызыл, жасыл, сары бағдаршам түстерін кезек-кезек көтеріп көрсетеді.</p> | <p>Кірпіштер, текшелер. Түстері көк, жасыл, сары. Балалар өздері таңдаған кірпіштерден түстеріне сәйкес машинаны құрастырады. Балалар өздері құрастырған машиналарын үстел үстінде текшені кірпіштің «алдына» және «артына» қою арқылы бағытын өзгерте отырып, жүргізіп ойнайды.</p> <p>Балалар орындарынан тұрып, қызыл жанғанда қимылдамай тұрады, жасыл жанғанда орындарында жүреді, сары жанғанда қолдарын қозғалтып, дайындық жасайтындарын қимыл-қозғалыспен көрсетеді.</p> |
| <b>Рефлексивті –<br/>коррективтік</b> | Тәрбиеші балалардан қандай машиналармен танысқанын сұрайды, машиналар қалай қарай жүрді, «алға», «артқа»                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Балалар машиналар қалай бағытын өзгерткенін және ойындар ұнағанын айтып береді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |

|  |                                                                                                                                                                                     |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | қарай жүру үшін не істедік?<br>Құрылыс материалдарымен<br>жұмыс жасаудағы жетістіктері,<br>түстерді ажырата алуына сәйкес<br>іс-әрекет барысында балаларға<br>мадақтаулар жасалады. |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

#### Күтілетін нәтиже

**Қайталай алады:** машинаны екі түрлі құрылыс материалдарынан: кірпіш және текшеден құрастыруды және түсі, көлемі, пішінін ажырата алуды;

**Түсінеді:** «алға» және «артқа» деген ұғымдарды меңгерді және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Орындайды:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Мұнара»

**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, мұнараны құрастыра білуге үйрету. Сенсорлық дамуына әсер ету, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** үлгі суреттер және құрылыс материалдары

**Сөздік жұмыс:** мұнара

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалар іс-әрекеті                                                                                 |
|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Тәрбиеші балаларға суреттегі мұнараны көрсетіп түстеріне, көлеміне және қалай орналасқанына назар аударады. Осы текшелерден қалай мұнара жасауға болатынын көрсетеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалар суретке мұқият қарап, текшелердің түстерін ажыратып айтып береді. Көк, қызыл, сары, жасыл. |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | Тәрбиеші сурет бойынша текшелердің түстерін сұрап, ең алдымен қандай түсті текшені қоямыз, оның үстіне қандай түсті текшені қоямыз, қызыл түсті текшенің үстіне қандай түсті орналастырамыз, ең үстіне қандай текше қойылады. Тәрбиеші сұрай отырып, орналастырып, көрсетеді, балалар бірге оның түстерін атай отырып «мұнара» құрастырады. Тәрбиеші балалардың алдына бірнеше ұсақ ойыншықтарды қояды, олар өздері таңдап алған ойыншықтарын мұнараның үстіне орналастырады. Тәрбиеші | Көк, қызыл, сары, жасыл текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, мұнара құрастырады.                 |

|                           |                                                                                                                    |                                                                                                              |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | балалар іс-әрекетіне басшылық жасап, көмек көрсетеді.                                                              | Балалар мұнараның жоғарғы бөлігіне әтешті немесе таңдап алған ұсақ ойыншықтарын орналастырып ойнауға көшеді. |
| Рефлексиялы түзету кезеңі | Құрастыру барысында балалардың іс-әрекетіне талдау жасап, мадақтайды. Жақсы жасалған жұмыстарды ерекше атап өтеді. | Балалар өздері не жасағандарын айтып береді.                                                                 |

#### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** мұнараны құрылыс материалдарынан құрастыруды және түсі, көлемі, пішінін ажырата алуды

**Қандай түсініктерді игерді:** бірінің үстіне бірін қою деген түсініктерді игереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауды меңгереді оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Доптар»

**Мақсаты:** Балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, екі бөліктен тұратын доптың суретін кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету. Қол қимылдарының үйлесімділігін дамыту, өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** доп, доптардың суреті, доптың екі бөлікке қиылған суреттері

**Сөздік жұмыс:** доптар

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалар іс-әрекеті                                                                    |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады. Қолындағы допты жерге соға отырып: Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің, Зымырайсың қутыңдайсың, Бірақ- менен құтылмайсың,- деп айта отырып, балаларға доппен бірге аяқтың ұшымен жеңіл секірулерін ұсынады. Бірнеше рет қайталайды. «Менің добым өте көңілді, қандай биікке секірді, енді осындай допты сендер жасап көріңдер», -деп орындарына отырғызады. | Балалар шеңберге тұрып, қос аяқпен, жеңіл секіреді.                                   |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | Тәрбиеші өзінің қолындағы үлкен және кіші доптың суреттерін көрсетіп, пішінін, түсін сұрайды. Әр баланың айтуына мән береді.<br><br>Әр балаға екі бөліктен тұратын, қағаздан қиылған доптарды таратып береді және оны құрастыруды сұрайды. Алдымен үлкен допты құрастырамыз, содан кейін кіші допты                                                                                                               | Үлкен доп қызыл, кіші доп- қызыл.<br><br>Олар өздеріне берілген доптарды құрастырады. |

|                           |                                                                                                                                                                     |                                                                                                           |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | <p>құрастырасыңдар деп тапсырма береді.</p> <p>«Түсіне сәйкес доп құрастыр» ойыны.</p> <p>Балалар іс-әрекетіне бақылау мен басшылық жасалып, көмек көрсетіледі.</p> | <p>Мұнда балаларының доптарының түстері ауыстырылады, өзінің добының түсі қандай екенін айтып береді.</p> |
| Рефлексиялы түзету кезеңі | <p>Әр бала өзінің құрастырған добын көрсетіп, түстерін айтып, үлкен, кіші көлемін салыстырып көрсетеді. Балалар іс-әрекеті мадақталады.</p>                         | <p>Қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін ажыратады, түстерін нақтылап айтып береді.</p>                      |

#### Күтілетін нәтиже:

**Нені білу керек:** екі бөліктен тұратын қағаздан жасалған допты құрастыруды және түсі, көлемі, пішінін ажырата алуды

**Қандай түсініктерді игерді:** үлкен кіші деген ұғымдарды игереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қағазбен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық карта

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** «Құрастыру»

**Тақырыбы:** «Үй және қақпа».

**Мақсаты:** балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үй және қақпаны құрастыра білуге үйрету.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** үлгі сурет және құрылыс материалдары.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері        | Тәрбиешінің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>    | Тәрбиеші үлгі суреттен үй мен қақпаны көрсетіп, қанша текшеден Және қандай құрылыс материалдары пайдаланылатынын айтады. Үй жасауға, қақпа жасауға арналған құрылыс материалдарын таңдайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Үй жасау үшін текшені және үшбұрышты балалар таңдап алады. Қақпа жасауға арналған ұзын кірпіштерді бөлек алып қояды.                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | Тәрбиеші үйді қалай құрастыруға болатынын текшені алып, оның үстіне үшбұрышты орналастыруды ұсынады. Үй құрастырып болған соң оның жанына қақпа жасайды. Ол үшін екі ұзын кірпішті тігінен қатар қойып, оның үстіне бір кірпішті көлденең орналастырамыз деп, құрастырып, көрсете отырып түсіндіреді.<br>Үстел үстіне қалай оиналастыруға болатынын айтады, ұсақ ойыншықтарды таратып береді. Қақпадан машинаны жүргізеді, «Үйде кім бар» деген сауал қояды.<br>«Кімнің үйі» ойыны.<br>Тәрбиеші балалардың құрылыстарын мұқият қарап, дұрыс орналастыруына мән беріп, бақылау мен басшылық жасайды, қажет болғандарға көмек көрсетеді. | Балалар алдыларындағы құрылыс материалдарынан текше мен үшбұрышты тауып алып, үй құрастырады. Қақпаны кірпіштерді педагогтің көрсетуі бойынша орналастырып, құрастырады. Дайын болған құрылысқа ұсақ ойыншықтармен ойнау арқылы сабақ жалғасады. Өздері құрастырған үйге қандай ойыншықты кіргізетінін сұрайды. Балалар ұсақ ойыншықтарын көтеріп көрсетеді. |

|                                 |                                                                                                                                        |                                                                                              |
|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | Балалардың өздері не жасағандары жайында сұрайды, құрылыстарының аттарын атауды, қандай құрылыс материалдарын пайдаланғанын айтқызады. | Балалар өздерінің жасаған құрылыстары жайында көңіл күйлерін білдіреді. Не жасағанын айтады. |
|---------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------|

**Күтілетін нәтиже:**

**Қайталай алады:** екі түрлі құрылысты бір мезгілде жасауды меңгереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады;

**Түсінеді:** үй мен қақпа жасауға қандай құрылыс материалдарын пайдаланатынын түсінеді;

**Қолданады:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Тостаған».

**Мақсаты:** балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша үш бөліктен тұратын тостағанның суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыра білуге үйрету.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** тостаған, тостағанның суреттері, тостағанның үш бөлікке қиылған суреттері.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Балалардың іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                 |
|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Үлкен-кіші тостағанның суретін көрсетіп түсін, пішінін, қай тостаған үлкен, қайсысы кіші екенін сұрау<br>Қуыршақ Тоғжан мен Әсел балаларға қонаққа келеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Үлкен қоныр тостаған, сары кіші тостаған.<br><br>Балалар қуыршақтармен амандасады.                                                                                                                                                      |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | «Кімнің тостағаны?» ойыны.<br>Алдымен балалармен бірге қай қуыршақ үлкен, қай қуыршақ кіші екенін ажыратып алады.<br>-Ойланындар, тостағанға не құямыз?<br>Қай қуыршаққа қандай тостағанмен сүт немесе айран бергілерің келеді?<br>Әр баланың алдында екі түрлі, үлкен және кіші тостағандар бар. Олар үш бөлікке бөлінген.<br>Педагог тақтада қиылған тостағандарды қалай құрастыруға болатынын көрсетеді.<br>Балалардың іс-әрекетіне бақылау мен басшылық жасалады. | Тоғжан үлкен, Әсел кіші.<br><br>«Сүт, айран, қымыз», - деп жауап береді.<br>Мен Тоғжанға, мен Әселге деп балалар өз ойларын айтады.<br>Балалар өздерінің алдыларындағы тостағандарды құрастырады.<br><br>Оны кімге дайындағанын айтады. |

|                                 |                                                              |                                                                     |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | Өздері құрастырған тостағандары туралы айтып беруді сұрайды. | Олар түсін,көлемін,қай қуыршаққа,не құйып бергісі келетінін айтады. |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------|

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** үш бөліктен тұратын қағаздан жасалған тостағанды құрастыруды және түсі, көлемі,пішінін ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** «үлкен», «кіші» деген түсініктерді және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қағазбен жұмыс жасауда тостағанды көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық карта

**Білім беру саласы :Таным**

**Бөлімі: «Құрастыру»**

**Тақырыбы: «Төсек».**

**Мақсаты:** балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға ,олардын түсін ,пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып төсекті құрастыра білуге үйрету.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** құрылыс материалдары.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,көрсету,әңгімелесу,сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Педагог балаларға құрылыс материалдарын көрсетіп, олардың көлемін,пішінін,түстерін Үлгіні көрсетіп, төсекті қалай құрастыруға болатыны туралы әңгімелейді.                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Балалар педагогтің сұрақтарына жауап береді, құрылыс сұрайды.материалдарын ың түр-түстерін ажыратып айтады                                                                                                                                                       |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | Төсекті құрастыру үшін ұзын кірпішті жалпағынан қою керек, оның екі жағына қысқа кірпіштерді көлденеңінен орналастыру қажет екенін көрсетіп, түсіндіреді.Үлгідегі суретті көрсете отырып,өзі оны қалай жасауға болатынын қимылқозғалыс арқылы көрсетеді."Қуыршақты ұйықтатамыз" ойыны.Дайын болған төсекке қуыршақты жатқызып, ұйықтатып"Әлди-әлди"әнін айтқызады.Балалардың іс-әрекетінің барысында жеке көмек көрсетіліп басшылық жасалады. | Балалар кірпіштерді таппап алып, педагогпен бірге оларды орналастырып төсек жасауды үйренеді. Іс-әрекет барысында кірпіштерді жалпағынан қою, көлденең қою, бірбіріне жақындатып қою сияқты тапсырмаларды орындайды.<br><br>Қуыршақты төсекке ұйықтатып ойнайды. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>     | Педагог әрбір баланың жасаған төсектерін қарап шығады,дұрыс орналасқанына мән беріп мадақтап,қорытындылайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалар өздері жасаған төсектерін бір-біріне көрсетіп, дұрыс жасағанына қуанып,онымен ойнайды.                                                                                                                                                                   |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** төсекті құрылыс материалдарынан құрастыруды және түсті, көлемі, пішінді ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** «кірпішті жанына көлденең қояды» екі жанына қою деген ұғымдарды және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналыстыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Шырша ойыншықтары»

**Мақсаты:** Балаларда қағазбен жұмыс жасауда умаждау әдісін жетілдіру. Қағазды умаждау арқылы домалақ пішінге келтіруді бекіту, шыршаның суретіне түрлі түсті ұсақ қағаздан ойыншықтар жасау, оны шыршаға ілуде ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** шырша ойыншықтарының суреті, шыршаның суреті, түрлі-түсті қағаздар

**Сөздік жұмыс:** шырша

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Балалар іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Тәриеші балаларға үстел үстіндегі шыршаны көрсетіп әңгімелейді. Ойыншықтарға назарларын аудартады, түстерін сұрайды. Әр балаға шыршаның суреті салынған қағаздарды және қиылған түрлі түсті қағаздарды таратып береді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Балалар шырша ойыншықтарының түстерін, пішінін айтады.<br><br>Шыршаның суреттерін бір-бірден алады.                                                                                                                                                  |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | Шырша ойыншықтарын жасау үшін әр балаға түрлі түсті қиылған қағаздарды таратып береді. Оны қалай умаждау, домалақтау керектігін көрсетіп, түсіндіреді. Қағазды 2-3 рет қайта-қайта жазып, бүктеп көреді, жұмсақ болғаннан кейін домалақ пішінге келтіріп одан ойыншықтар жасап, оны шыршаға орналастырады. Балалардың саусақтарының қимыл-қозғалысына мән береді, домалақ пішіндер жасай алуына басшылық жасайды. «Шырша шырақтары» ойыны. «Шыршаның шырақтары жанды», - деп тәрбиеші белгі бергенде балалар қолдарын | Қағазды саусақтарымен басып, алақандарына салып умаждап, домалақтайды<br><br>Қағазды қайта жазып тағы бірнеше рет умаждап, домалақтап көреді.<br><br>Дайын болған ойыншықтарды шыршаға орналастырады.<br><br>Балалар көңілді қимыл-қозғалыс жасайды, |

|                           |                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                 |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                           | жоғары көтеріп,<br>саусақтарын қозғалтады.<br>«Шырақтар өшті» деген<br>белгі бергенде қолдарын<br>төмен түсіріп, саусақтарын<br>ақырын қозғалтады,<br>еңкейеді. (1 -2рет) | қолдарын жоғары көтеріп,<br>саусақтарын қозғалтып,<br>тапсырманы мұқият тыңдап,<br>орындауға тырысады.                          |
| Рефлексиялы түзету кезеңі | Әр баланың жұмысына<br>бақылау жасап,<br>ойыншықтардың қалай<br>жасалғандығын қарап<br>шығады, жақсы жұмыстар<br>мадақталады.                                             | Балалар өздері жасаған<br>ойыншықтарын көрсетіп,<br>түстерін айтып, шыршаны<br>әсем безендіргендерін көңіл<br>күймен көрсетеді. |

### Күтілетін нәтиже:

**Қайталай алады:** шырша ойыншықтарының түсін, көлемін, пішінін ажырата алуды

**Түсінеді :** ойыншықтарды дұрыс орналастыруды және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды

**Қолданады:** қағаздан умаждап бүктеу арқылы ойыншықтар жасауға дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** «Құрастыру»

**Тақырыбы:** «Үстел және орындық»

**Мақсаты:** Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйретуді жалғастыру. Жиһаздар туралы түсінік беру, құрылыс материалдарынан үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету. Құрастыруға қызығушылықтарын дамыту. Бір-біріне кедергі жасамауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** үлгі суреттер және құрылыс материалдары, қуыршақ, тостаған немесе басқа ойыншықтар

**Сөздік жұмыс:** үстел, тостаған, орындық

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалар іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Тәрбиеші үлгі суретті көрсетіп үстелді және орындықты құрылыс материалдарынан қалай жасауға болатынын түсіндіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Балалар суретке қарай отырып құрылыс материалдарынан тандап алады.                                                                                                                                                                                                    |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | <p>Бірінші үстел жасау үшін қызыл түсті текшені аламыз, оның үстіне көк түсті кірпішті жалпағынан орналастырамыз.</p> <p>Орындық жасау үшін қызыл түсті текшенің артқы жағына көк түсті кірпішті тігінен қоямыз деп түсіндіреді. Үстел мен орындық дайын болған соң оған ойыншық ыдыстарды қойып, «Қуыршақты қонаққа шақырамыз» ойынын ойнауға болады. Ойын барысында балалардың барлығы қатысуын қадағалайды және құрылыс материалдарын қалай орналастырғанын</p> | <p>Балалар текшелерді өздері тәрбиешінің көрсетуімен бірге жасап көреді.</p> <p>Үстел дайын болған соң, орындықты жасайды.</p> <p>Балалардың іс-әрекет барысында белсенді болуын ескереді.</p> <p>Үстел мен орындықты бір-біріне жақындатып, қуыршақты отырғызып,</p> |

|                           |                                                                                                         |                                              |
|---------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|
|                           | қадағалап, бақылау жасайды.                                                                             | ойын ойнайды.                                |
| Рефлексиялы түзету кезеңі | Үстел мен орындықтың дұрыс құрастырылуындағы әр баланың жұмысын қарап көреді, жетістіктері мадақталады. | Балалар өздеріне жасағандары жайында айтады. |

#### Күтілетін нәтиже:

**Қайталай алады:** үстел мен орындықты құрылыс материалдарынан құрастыруды және түсін,көлемін,пішінін ажырата алуды

**Түсінеді:** «артына қою» текшенің «үстіне қою» деген ұғымдарды және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды

**Қолданады:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлеміне,пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** «Құрастыру»

**Тақырыбы:** «Қар бүршіктері»

**Мақсаты:** Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы қар бүршіктерін жасауға болатынын түсіндіру, табиғат құбылыстары жайында қарапайым түсініктер беру, қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** үлгі суреттер, үлкен және кіші көлемдегі сулық қағаздар

**Сөздік жұмыс:** бүршіктері

| Іс- әрекет кезеңі         | Тәрбиешінің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Балалар іс-әрекеті                                                                                                                                                       |
|---------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мотивациялық кезең        | Балаларға үлгі суреттерді көрсетіп, қардың ақ, жеңіл, үлпілдек, жұмсақ, суық болатыны жайлы әңгімелеу. Қар бүршіктерін қағаздан қалай жасауға болатынын түсіндіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалар қар бүршіктері туралы әңгімені мұқият тыңдайды.                                                                                                                  |
| Ұйымдастырушылық ізденуші | Тәрбиеші үлгіні көрсетіп, балаларға бүгін қар бүршіктерін қағаздан қалай жасауға болатынын көрсетіп түсіндіреді. Сулық жұмсақ қағазды үзіп алып, алақан арасына салып умаждап, жұмсартып, оны домалақтайды, қағаз бетіне әр жерге қар жауған тәрізді етіп орналастырады. Балалардың іс-әрекетіне көмек көрсетіліп, оны қағаз бетіне қалай орналастыруға болатынын қадағалайды. Балалардың қағазды умаждауда қол, саусақ қимыл-қозғалыстарын қадағалау, іс-әрекетіне басшылық жасау қажет. | Балалар бірнеше қағазды кезекпен алып, алақан арасына салып, умаждап, домалақтайды.<br><br>Балалар жасаған қар бүршіктерін суреттегідей етіп қағаз бетіне орналастырады. |

|                           |                                                                                                                                   |                                                               |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|
| Рефлексиялы түзету кезеңі | Балалардың жасаған жұмыстарын қарап шығады, сапасына назар аударады, кейбір жұмыстарды қайталап жасауға бағыт береді, мадақтайды. | Өздерінің жасаған жұмыстары жайында айтып беруге талаптанады. |
|---------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|

#### Күтілетін нәтиже:

**Қайталай алады:** қар бүршіктерін қағаздан жасауға болатыны туралы

**Түсінеді:** қағаздың көлемі «үлкен», «кіші» және оны умаждау әдістерін

**Қолданады:** қағазды умаждап белгілі бір пішінге келтіріп оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

### Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Пойыз».

**Мақсаты:** балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс кеңестікте дұрыс орналастыра отырып пойыз құрастыра білуге текшені, кірпішті бірбірінен ажырата білуге үйрету.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** құрылыс материалдары және үлгі суреттер, кішкентай ойыншықтар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар, балалармен «Пойыз» ойынын ойнау.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері        | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                  |
|------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>    | Педагог балаларға «Пойыз» қимылды ойынын ойнатады. Педагог балаларға үлгі суретті көрсетіп, бүгін осындай пойызды жасайтындарын айтады.                                                                                                                                                                                                                            | Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | Пойыз жасауға қажетті текшелердің түстерін таңдайды. Ең астындағы бөлігіне көк түсті екі кірпішті жалпағынан қойып алады. Оның алдыңғы бөлігіне үш түсті текшелерді әр бала өздері таңдай отырып "паравоз" жасайды. Бірнеше текшені кірпіштердің үстіне тізіп қою арқылы оның вагондарын жасайды. Вагондардың үстіне ұсақ ойыншықтарды қойып ойнауға бағыт береді. | Балалар пойыз жасауға қажетті заттарды алады. Олар текшелерді, кірпіштерді тізіп орналастырады, кірпіште рдің үстіне әртүрлі түстегі текшелерді қойып пойыз құрастырады. Балалар жасаған пойыздарының үстіне ойыншықтар қойып ойнайды. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>    | Пойыздың дұрыс орналасуын, кірпіштердің түр-түсін, пішінін сұрай отырып, кімнің құрылысы ең жақсы болғанын атап өтеді.                                                                                                                                                                                                                                             | Балалар өздері жасаған пойызды көрсетіп, не жасағандарын айтып береді.                                                                                                                                                                 |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** пойыз құрылыс материалдарынан құрастыруды және түсін, пішінін ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** текшелерді тізіп қоюды, тігінен қоюды және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішіні сәйкес кеңістікте дұрыс орнатыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Бауырсақ».

**Мақсаты:** балалардын саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды умаждау арқылы белгілі бір затты жасауға болатынын түсіндіру, қағазбен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** «Бауырсақ» ертегісінің суреттері, сүттің босаған қораптары, 4/1 бөлікке бөлінген сары түсті жұмсақ қағаздар, үлестірмелі материалдар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, «Бауырсақ» ертегісін оқып беру, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері        | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Балалардың іс- әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>    | «Бауырсақ» ертегісін еске түсіру, суреттері немесе үстел үсті театры арқылы әңгімелеу.<br>Ата мен әжені көрсете отырып, Бауырсақ қандай аңдарға кездескенін сұрайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар қоян, қасқыр, аю және түлкіге Бауырсақтың кездескені туралы айтып береді.                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | Есік қағылып, қонаққа Бауырсақ келеді.<br>Педагог: «Бауырсақ бүгін көңілді, ол сендерге өзі сияқты бауырсақты қағаздан жасап беруді өтіне келіпті. Жасап берейік пе?»- деп балалардан сұрайды.<br><br>Ол үшін: сары түсті қағазды алып оны ¼ бөлігін саусақтармен басып, умаждап көрсетеді, әр балаға қағаз таратып беріп, енді өздері оны умаждауларын сұрайды, қағазды ашып, жазып көрсетеді де, қайтадан тағы да умаждау керектігін айтады. Осылай үш рет ашып, бүктеп умаждайды. Қағаз «домалақталады» бұл Бауырсақ болады.<br><br>Педагог сүттің бос қорабынан екі шағын топқа арналған көрнекілік дайындайды. Қораптың сырты бір түспен қапталған және оның бір бетінде қоян мен қасқыр, екінші бетінде аю мен түлкінің суретін жапсырып дайындап қойған.<br><br>Педагог қораптарды бірінің үстіне бірін | Бауырсақпен амандасады.<br><br>Өздеріне берілген қағаздарды саусақтарымен басып, алақандарына салып умаждайды. Осы іс-әрекет түрін бірнеше рет қайталайды. Қағаз домалақтанып, Бауырсақ пішіні шығады.<br><br>Балалар қораптарды бірінің үстіне бірін қою арқылы қоянның, қасқырдың, аюдың |

|                                 |                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                   |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                 | қойғанда ертегі кейіпкерлері құрастырылатындығын түсіндіреді. Екі топтан кезекпен балалар шақырылып, суреттерді құрастыру ұсынылады. | және түлкінің бейнесін құрастырады.                                                                                                                                               |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | Балалар бүгінгі сабақта не жасағандары жайында айтып береді, қалай жасады, неден жасады?                                             | Балалар бауырсақты бір кейіпкерден екінші кейіпкерге қарай домалатып ойнайды. «Бауырсақ» ертегісін естеріне түсіріп, әңгімелеп, қағаздан Бауырсақ бейнесін жасағандарына қуанады. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** бауырсақ ертегісінің мазмұнына сәйкес кейіпкерлерді ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** «умаждау», «бүктеу» деген ұғымдарды түсінуді және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қағазбен жұмыс жасауда саусақ қимыл-қозғалыстары арқылы қағазды умаждауды, одан белгілі бір затты жасай білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Көпір».

**Мақсаты:** балаларды құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып көпір құрастыра білуге үйрету.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** құрылыс материалдары, үлгі суреттер, үлестірімелі материалдар, ойыншық машиналар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері        | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                           |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>    | Машина жүретін көпірді бірнеше бөліктерден құрастыратынын айтып, оны үлгі бойынша талдау жасап, түсіндіріп жасалу жолдарын көрсетеді.                                                                                                                                                                                                               | Балалар педагогтің айтқанын, көрсеткенін көңіл қойып тыңдайды.                                                                                                                  |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | Екі текшені бірінің үстіне бірін қояды, оның екінші жағына тағы екі текшені орналастырады, оның үстіне ұзын кірпішті жалпағынан қойып, үшбұрышты оның екі жағына орналастырады.<br>Құрылыс материалдарының түстеріне, орналасуына назар аударады;<br><br>Құрылыс жасалып болғаннан кейін ұсақ машиналарды көпірдің үстімен жүргізіп ойнауға болады. | Алдымен екі текшені қояды, оның жанына тағы екі текшені қояды, үстіне ұзынша кірпішті орналастырады да, екі шетіне үшбұрыштарды қойып, машинаны көпірмен жүргізіп ойын ойнайды. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>    | Педагог балалардың құрылыстарын қарап көріп, талдау жасайды, жақсы жасалған көпірлері мадақтайды.                                                                                                                                                                                                                                                   | Балалар көпірді қандай құрылыс материалдарынан жасағанын айтып береді.                                                                                                          |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** көпірді бірнеше құрылыс материалдарынан құрастыруды, көпірдің не үшін қажет екендігін және түсті, көлемді, пішінді ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** «бірінің үстіне бірін қою», «шетіне қою», «кірпішті көлденең қою» деген ұғымдарды меңгереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алады;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

# **Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Балапандар».

**Мақсаты:** балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру,қағазды умаждау балапанды жасауға болатынын түсіндіру ,балапанға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар:**балапанның суреті,үлкен және кіші сары түсті қағаз,үй құстарының суреттері.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,көрсету,әңгімелесу,сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Педагог резеңкеден және матадан жасалған ойыншық балапандарды көрсетеді.Неден жасалғанына назар аудартады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Балалар сары үрпек балапандарға қызыға қарайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | <p>Педагог осындай балапандарды қағаздан жасауға болатынын айтып,оны қалай жасау керектігін көрсетеді.</p> <p>Алдымен жасыл алаңқайдағы жалғыз балапанды көрсетіп,балаларға оның көңілсіз екендігін айтады.</p> <p>Педагог әр баланың алдына балапан жасау үшін үлкен және кіші төртбұрыш қағаз таратып береді.Оның үлкені қайсы,кішісі қайсы салыстырады , үлкені балапанның денесі,кішісі оның басы болады деп түсіндіреді.</p> <p>Қағазды саусақтарымен басып ,алақанға салып умаждап үлкен денесіңн дайындап Балапанның басын да дәл осылай жасайды бірақ кішкентай қағаздан көрсетеді.</p> <p>«Балапанға көңілді болу үшін оған дос - балапан жасап берейік»,-дейді педагог.</p> <p>Дайын болған балапанның дене бөліктерін суреттің үстіне қойып,оның тұмсығын,құйрығын және аяқтарын дайын қиылған бөліктермен толықтырып</p> | <p>Балалар бірінші үлкен төртбұрыш қағазды умаждайды,екі-үш рет ашып ,қайта умаждап домалақ пішін жасайды.Екінші кіші төртбұрышты алып оны умаждап,кіші домалақ басын жасайды.</p> <p>Екеуін бір-біріне біріктіреді.Алдын ала қиып дайындаған қапғаздардан аяғын ,құйрығын,тұмсығын ,көзін жапсырады.</p> <p>Балапанымыз дайын болды.</p> |

|                                 |                                                                                                                                                  |                                                                                        |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
|                                 | <p>,педагогтің тапсырмасын орындайды.</p> <p>Бой сергіту.Балапандар жем жеді,су ішті,қанаттарын қақты,секірді т.б.</p> <p>қимылдар жасайды.</p>  |                                                                                        |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | <p>Қағазды умаждау арқылы балапан жасауда балалардың іс-әрекеті мадақталады,балапан ойыншықтарына қайсысы ұқсас болды деп салыстырып көреді.</p> | <p>Өздері дайындаған балапандарына жем береді,су береді,қалай жасағандарын айтады.</p> |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** умаждау арқылы балапанды жасай алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:**«умаждау»,«бүктеу» деген ұғымдарды игеріп,оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қағазбен жұмыс жасауда саусақ қимыл-қозғалыстарымен қағазды умаждау арқылы екі бөліктен тұратын балапанды жасай білуге қосымша бөліктерін дайындауға дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Төбешік».

**Мақсаты:** балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып төбешік құрастыра білуге үйрету.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** құрылыс материалдары үш текше, бір үшбұрыш және үлестірмелі материалдар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері        | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                 |
|------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>    | Педагог шаттық шеңберін ұйымдастырады. Үлестірмелі материалдан төбешікті көрсетеді, оның ерекшелігіне тоқталып өтеді. Төбешіктен балалар сырғанау үшін оның бір жағы тегіс, ал екінші жағында басқыш болады. Төбешіктен қуыршақты сырғанатып көрсетеді.                                                                                                                                                                                                         | Балалар үлгідегі құрылыс материалдарының пішінімен, иүстерімен танысады.                                                                                              |
| <b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b> | Біз бүгін осындай төбешікті құрылыс материалдарынан құрастырып көреміз. Ол үшін үш түсті текшелер және үшбұрыш тандап аламыз. Оны құрастыру үшін алдымен екі текшені қатарластырып қоямыз, оның үстіне тағы бір текшені қоямыз (екі жасыл, бір қызыл текшелер және бір көк үшбұрыш). Оның данына үшбұрышты орналастырамыз, сонда бұл төбешік болады, оған балалар басқышпен шығып, екінші жағынан сырғанап тебеді.<br><br>«Қуыршақ төбешіктен сырғанады» ойыны. | Балалар қажетті құрылыс материалдарын түсіне, көлеміне қарай тандап алады.<br><br>Педагогтің тапсырмасы бойынша балалар төбешікті құрастырады, өздері онымен ойнайды. |

|                                 |                                                                                                                     |                                                         |
|---------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b> | Педагог құрылыс материалдарының дұрыс орналасуына мән береді, балаларға жасаған жұмыстарын қарап шығып, мадақтайды. | Балалар өздері жасаған төбешіктері туралы айтып береді. |
|---------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** төбешікті құрылыс материалдарынан құрастыруды ээне түсін, көлемін, пішінін ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** деген ұғымдарды меңгереді және оны іс-әпекет барысында көрсете алады;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлемі, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Жасыл шөп».

**Мақсаты:** балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл қозғалыстарын дамыту, жолақ қағаздарды түзу қиюға дағдыландыру, шөпті жұлуға болмайтынын түсіндіру.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** жасыл түсті жолақ қағаздар, үлестірмелі материалдар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                              |
|-------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Педагог балаларға ақ түсті және жасыл түсті жолақ қағаз таратып береді.<br><br>Үлгіні талдау жасайды, түсіндіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Балалар үлгі бойынша әңгімелейді, суретте не көріп отырғандарын айтады.                                                                                                                                                            |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | Жасыл жолақ қағазды қолымен үзіп көрсетеді, жолақтар көп болған кезде оны ақ қағашдың төменгі бөлігіне қатарластырып, ретімен орналастырады.<br>Кейбір жерлеріне дайын гүлдердің суреттерін де қоюға болады. Әртүрлі ұсақ суреттер таратылады: балапан, көбелек, торғай, басқа да құстар. Оны балалар өздерінің таңдайы бойынша шөптің арасына немесе қағашдың жоғарғы бөлігіне орналастыруларына болады.<br><br>«Көбелектер ұшты» қимылды ойыны.<br><br>Балалар ойнап болған соң олардың жасаған жұмыстарын қайта қарап, шөпті қалай жасағанын атап өтеді.<br><br>Шөпті қошақан,лақ немесе ботақанға береміз деп ойынмен жалғастырады.(Ұсақ ойыншықтар ұсынылады). | Жасыл жолақ қағаздарды баллалар біртіндеп саусақтарымен жыртып, оны ақ қағаз бетіне орналастырады.<br><br>Балалар іс-әрекеттерінде педагогтің тапсырмасын орындайды.<br><br>Ойын ойнайды және өздері қалаған төлдеріне шөп береді. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>     | Балалар жұмыстары талдау жасалып, қорытындыланады.Қағаздың бетін толық пайдалануға бағыт береді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Балалар өздері жасаған жұмыстарын көрсетіп, оның сапасын педагог қадағалайды.                                                                                                                                                      |

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** жолақ қағаздан жасыл шөп жасауды үйренеді;

**Қандай түсініктерді игереді:** өздері жасаған еңбек нәтижесін тәжірибеде пайдалануды, төлдерге шөп беруді;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** жасыл шөпті қиюды және оны жазықтыққа дұрыс орналастыра білуге дағдылауды.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Жиһаз».

**Мақсаты:** балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру, педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып жиһаздарды құрастыра білуге үйрету;

**Қажетті құрал – жабдықтар:** құрылыс материалдары, үдестірмелі материалдар.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                             |
|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Педагог үлгідегі суретті көрсетіп балаларға үй жиһаздары туралы әңгімелейді. Ойыншық жиһаздарды көрсетеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Балалар үй жиһаздарының аттарын атайды: үстел, орындық, төсек.                                                                                                                                                    |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | Үй жиһаздарының қайсысын бірінші жасауға болатынын сұрву, орындықты жасап көрсетеді де балаларға құрастыруды ұсынады, үстелді жасап көрсетеді, құрылыс материалдарын қалай пайдалану керек екенлігін түсіндіреді. Олардың бұрын бұл заттарды жасап көргендерін ескеріп, іс-әрекетті бекіту мақсатында балалардың өздері дербес әрекет етуіне баса назар аударады. Жиһаздарды үйлестіріп орналастыруға мән береді. Ол жиһаздармен қуыршақты басқа да ойыншықтарды отырғызып, жатқызып ойын ойнайды. Оларға қосымша құрақ көрпешелер немесе кішкене кілемдер, жамылғылар т.б. беріп ойынды ойнауды дамытады. Бұрынғы алған дағдылары бекітіледі, балалардың іс-әрекетіне басшылық жасалады. | Балалар үй жиһаздарын ретімен кезек-кезек құрастырады.<br><br>Кім орындыққа, кім үстелге және төсекке ойыншықтарды орналастыратынын бөлісіп алады.<br><br>Әр бала үстел, орындық төсек, құрастыруға әрекеттенеді. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>     | Педагог балалардың жасаған құрылыстарын: үстелді, орындықты, төсекті жасағанда құрылыс материалдарын қалай орналастырғанына көңіл бөліп, мадақтап, сабақты қорытындылайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Әр балаға өзінің жасаған жұмыстары жайында әңгімелеп беру ұсынылады.                                                                                                                                              |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** құрылыс материалдарынан жиһаз құрастыруды және түсін, көлемін, пішінін ажырата алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** «жанына», «алдына», «артына» қою деген ұғымдарды меңгереді және оны іс-әрекет барысында көрсете алуды;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** құрылыс материалдарымен жұмыс жасауда оны көлеміне, пішініне сәйкес кеңістікте дұрыс орналастыра білуге дағдыланады.

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

**Білім беру саласы:** Таным

**Бөлімі:** Құрастыру

**Тақырыбы:** «Бақбақ».

**Мақсаты:** балаларды қағазбен жұмыс жасауға үйрету, саусақ қимыл-қозғалыстарын дамыту. Бақбақ гүлін жасай білуге қызығушылығын арттыру, гүлдерді жұлмауға, күтіп баптауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

**Қажетті құрал – жабдықтар:** бақбақ гүлінің үлгі суреті.

**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауаптар.

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері         | Педагогтің іс - әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Балалардың іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Мотивациялық–қозғаушылық</b>     | Педагог үлгі суретті талдау жасайды. Балалардың алдына суреттер таратылады. Бақбақ гүлін жасау үшін қағазбен жұмыс жасау жолдарын түсіндіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Балалар суретті қарап көреді.                                                                                                                                                                                                   |
| <b>Ұйымдастыру-шылық-ізденістік</b> | Арнайы дайындалған фонда, бақбақ гүлінің жапырағы және сабақтары бар. Педагог балаларға қиылған ақ қағаздарды таратып оны алақан арасына салып, саусақтарымен басып –жаншып, умаждауды көрсетеді. Қағазды жазып тағы да екінші рет умаждайды. Оны алақан арасына салып домалақтайды, дайын болған қағазды бақбақ гүлінің сабағына қойып көреді.<br><br>«Бақбақты үрлейміз» ойыны. Өздері жасаған бақбақ гүлінің бастарын алақан арасына салып, қолдарын жоғары көтеріп оны үрлеп ойнайды. | Қиылған дайын қағаздарды саусақтарымен басып, алақан арасына салып умаждайды.<br><br>Балалар педагогтің көрсетуімен бірге қағаздарды умаждап, дайын болғанда әр бала өзінің алдындағы үлгіге қойып көреді.<br><br>Ойын ойнайды. |
| <b>Рефлексиялық-түзетушілік</b>     | Бақбақ гүлдерін жинап, үстел үстіне қойып, оның ең жақсы жасалғанын мадақтап, сабақты қорытындылайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Балалар өздерінің гүлдерін көрсетіп, жапырағының, сабағының және гүлінің түстерін ажыратып береді.                                                                                                                              |

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** бақбақ гүлін қағаздан жасай алуды;

**Қандай түсініктерді игереді:** бақбақ гүлі жайында түсініктерді игеруді;

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** қағазды умаждап белгілі бір пішінге келтіре білуге дағдыланады.